

**Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясының) мәселелері**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 21 сәуірдегі N 1557 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 29 тамыздағы № 900 Жарлығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 29.08.2014 № 900 Жарлығымен. (қолданысқа енгізілу тәртібін Ескертпе \*-ден қараңыз).**

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 17-1-бабының 2-тармағы 1) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) (бұдан әрі - Агенттік) туралы ереже;

2) Агенттік құрылымы;

3) мемлекеттік органдардың - Агенттіктің аумақтық органдары мен оқу орындарының тізбесі бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 1, 2-құжат; N 4-5, 43-құжат; 2002 ж., N 26, 272-құжат; N 45, 445-құжат; 2003 ж., N 12, 130-құжат; N 16, 160-құжат; 2004 ж., N 13, 166-құжат; N 21, 267-құжат; N 27, 334-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1-тармақта "1-3" деген цифрлар "1-4" деген цифрлармен ауыстырылсын; осы Жарлықтың қосымшасына сәйкес 4-қосымшамен толықтырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2005 жылғы 21 сәуірдегі  
№ 1557 Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа  
және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі  
(қаржы полициясы) туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) (бұдан әрі - Агенттік) Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде экономикалық, қаржылық және сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу мен тергеу бойынша салааралық үйлестіруді әрі өзге де арнайы атқарушы және рұқсат беруші функцияларды жүзеге асырушы Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Агенттік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Агенттік мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгіде бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазынашылық органдарда шоттары болады.

Агенттік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Агенттіктің, егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай уәкілеттік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастар тарабы болуға құқығы бар.

4. Агенттік құрылымын және жалпы штат санын Агенттік Төрағасының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

5. Агенттіктің заңды мекен-жайы: Астана қаласы, Омаров көшесі, 60.

6. Агенттіктің толық атауы: "Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы)"  
м е м л е к е т т і к м е к е м е с і .

7. Агенттіктің құрылтай құжаты Осы Ереже болып табылады.

8. Агенттік қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады .

Агенттіктің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан Агенттікке кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады .

Егер Агенттікке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджет кірісіне жіберіледі.

## **2-тарау. Негізгі міндеттері**

9. Агенттіктің негізгі міндеттері:

1) өкілеттіктері шегінде мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің заңды құқықтары мен мүдделерін, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қамтамасыз ету ;

2) сыбайлас жемқорлық, экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу ;

3) сыбайлас жемқорлық пен экономика саласындағы қылмысқа қарсы күрес саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

4) қаржы полициясы органдарының жүргізу жатқызылған мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру болып табылады.

## **3-тарау. Агенттіктің негізгі функциялары және құқықтары**

10. Агенттік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен :

1) мемлекеттік саясатты қалыптастыруды қамтамасыз ететін стратегиялық функцияларды жүзеге асырады :

қаржы полициясы органдары қызметінің басым бағыттарын, оларды іске асырудың құқықтық, ұйымдық және экономикалық тетіктерін анықтайды; заңмен белгіленген өз өкілеттіліктері шегінде нормативтік құқықтық актілер қабылдайды ;

экономикалық, қаржылық және сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға қарсы күрес нысандары мен әдістерін жетілдіреді,

жедел-ізвестіру қызметінің стратегиясы мен тактикасын айқындайды;

2) мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін функцияларды жүзеге асырады :

қаржы полициясының органдары, оқу орындары және өзге де ведомствоға бағынысты мекемелер қызметінің негізгі бағыттары бойынша олардың қызметіне басшылықты, оны үйлестіруді және іс-қимылдардың келісімділігін қамтамасыз ететін функцияларды, оларға практикалық, әдістемелік көмек көрсетеді;

өз құзыретінің мәселелері бойынша жалпы республикалық, өңірлік жедел-ізвестіру мен алдын алу іс-шараларын үйлестіруді және жүргізуді, қолда бар күш пен құралдарды пайдалану жөнінде оңтайлы шешімдер тұжырымдауды, қаржы полициясының аумақтық органдары мен оқу орындарына практикалық және әдістемелік көмек көрсетуді, оң жұмыс тәжірибесін қорыту мен таратуды жүзеге асырады ;

қаржы полициясы органдары қызметінің тиімділігін арттыру жөнінде шаралар тұжырымдайды және іске асырады;

жедел-ізвестіру қызметті анықтауды және алдын ала тергеуді жүзеге асырады, қаржы полициясы органдарының жедел-ізвестіру, әкімшілік, тергеу қызметі мен анықтау практикасына талдау жасайды, республикадағы жедел жағдайға болжау құрайды, қаржы полициясы органдарының араласуын талап ететін мәселелер бойынша жедел әрекет ету шараларын қабылдайды;

Қазақстан Республикасының Президентін экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстарға қарсы күрестің жай-күйі туралы тұрақты хабардар етеді ;

қаржы полициясы органдарының жүргізуіне жатқызылған қылмыстық істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша адамдарды, соттың қаулысы бойынша мемлекет мүддесіне орай қойылған талап-арыздар бойынша жауапкерлердің жүрген жері белгісіз болған кезде оларды ізвестіруді жүзеге асырады ;

қаржы полициясы органдары қызметінің өзекті бағыттары бойынша ғылыми зерттеулер мен әзірленімдер жүргізуді ұйымдастырады;

экономикалық, қаржылық және сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға қарсы күрес мәселелері бойынша шет мемлекеттердің тиісті органдарымен өзара іс-қимыл жасайды және өз өкілеттіктері шегінде халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысады;

қаржы полициясы органдарының құрылымын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды, қаржы полициясы органдарының, оқу орындарының және өзге де ведомствоға қарасты мекемелерінің өзара, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылын жақсарту жөніндегі шараларды әзірлейді;

Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету

бойынша басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды.

11. Агенттіктің өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының Президентіне қаржы полициясының органдарын, оқу орындары мен ведомстволық бағынысты мекемелерін құру, қайта ұйымдастыру және тарату, сондай-ақ қаржы полициясы органдарын ұйымдық-штаттық, кадрлық және материалдық-техникалық нығайту мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге;

2) мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері және қаржы полициясы органдарының қызметіне қатысты өзге де мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілер әзірлеуге қатысуға;

3) жедел-ізвестіру қызметін, анықтауды және алдын ала тергеуді жүзеге асыруға;

4) өндірістегі материалдар мен қылмыстық істер бойынша құжаттарға, материалдарға, статистикалық деректерге және өзге де мәліметтерге қол жеткізуге, сондай-ақ ұйымдардың басшылары мен басқа да лауазымды тұлғалардан, жеке тұлғалардан оларды беруді талап етуге, олардың көшірмелерін түсіруге, түсініктемелер алуға;

5) өндірістегі қылмыстық істер бойынша шақырғанға келуден жалтарып жүрген адамдарды күштеп әкелуге;

6) Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасына және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес құжаттарды, тауарларды, заттарды немесе өзге де мүлікті алып қоюды немесе алуды жүргізуге;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен тиісті түрдегі уақытша ұстау изоляторларын, тергеу изоляторларын пайдалануға;

8) Қазақстан Республикасында қылмысқа қарсы күрестің бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысуға;

9) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді хаттамаға түсіруге және қарауға, әкімшілік ұстауды жүзеге асыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген басқа да шаралар қолдануға;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда уәкілетті органдардан және лауазымды тұлғалардан ревизиялар, салықтық және басқа да тексерістер, аудит және баға беру жүргізуді талап етуге;

11) қаржы полициясы органдарына жүктелген міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелер құруға және қолдануға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша алдын ала тергеу, анықтау, іс жүргізу

барысында зерттеулер ұйымдастыруға;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ғылыми-зерттеу, оқыту, баспа қызметін жүзеге асыруға;

13) қылмыстар мен өзге де жолсыздықтар жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою туралы жеке және заңды тұлғаларға орындауы үшін міндетті ұйғарым, ұсыным беруге;

14) аумақтық қаржы полициясы органдарының, оқу орындарының және өзге де ведомствоға бағынысты мекемелердің жұмысын бақылауға құқығы бар.

#### **4-тарау. Агенттік мүлкі**

12. Агенттіктің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

13. Агенттікке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

14. Агенттіктің өзіне бекітіліп берілген мүлігі өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Агенттікке Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген жағдайлар мен шектерде ғана мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

#### **5-тарау. Агенттік қызметін ұйымдастыру**

15. Агенттікті Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Төрағаның төрт орынбасары, соның ішінде оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын бір бірінші орынбасары болады.

16. Төраға Агенттік жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдауда дербес және Агенттіктің қызметі үшін дербес жауапты болады.

17. Төраға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

1) Агенттікке басшылықты жүзеге асырады;

2) барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Агенттік атынан өкілдік етеді;

3) қаржы полициясы органдары бөлімшелерінің, оқу орындарының және басқа да ведомствоға бағынысты мекемелердің басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) өз орынбасарларының, қаржы полициясы органдары бөлімшелері мен оқу орындары басшыларының құқықтары мен міндеттерін айқындайды;

5) өз өкілеттіктері шегінде қаржы полициясы органдары мен ведомствоға бағынысты мекемелердің орындауы үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;



**(қаржы полициясы)**

**ҚҰРЫЛЫМЫ**

Б а с ш ы л ы қ  
Ұйымдастыру-бақылау департаменті - инспекция  
Ақпараттық-талдау департаменті  
Экономикалық және қаржылық қылмыстарды ашу департаменті  
А р н а й ы д е п а р т а м е н т  
Сыбайлас жемқорлық туралы істерді ашу және оның алдын алу департаменті  
Т е р г е у д е п а р т а м е н т і  
Құқықтық қамтамасыз ету және халықаралық ынтымақтастық департаменті  
І ш к і қ а у і п с і з д і к б а с қ а р м а с ы  
К а д р л а р б а с қ а р м а с ы  
Құпиялықты қамтамасыз ету және құжат айналымы басқармасы  
Қаржы-шаруашылық басқармасы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 1 с ә у і р д е г і

№ 1 5 5 7 Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясының) мемлекеттік мекемелері - аумақтық органдарының және оқу орындарының ТІЗБЕСІ**

1. Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясының) Астана қаласы бойынша Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаменті (қаржы полициясы).

2. Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясының) Алматы қаласы бойынша Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаменті (қаржы полициясы).

3. Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясының) Ақмола облысы бойынша Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаменті (қаржы полициясы).







